

## РҰҚСАТ ПА?



## 1. Тыңдаңыз, жазыңыз.

алу

толтыру

кіру

қол қою

шығу

талап ету

сұрау

жауап беру

сұрану

жүзеге асыру

жасау

мәліметтер алу

Етістік + у + /-ға, -ге бола ма? рұқсат па?

Шығу + ға бола ма? Кіру + ге рұқсат па?

Бару + ға бола ма? Келу + ге рұқсат па?



## 2. Оқыңыз.

- Сәлеметсіз бе! Кіруге рұқсат па?
- Рұқсат. Отырыңыз. Қандай сұрақпен келдіңіз?
- Мұрагерлік іс ашайын деп едім?
- Мұра берушінің қайтыс болғаны туралы куәлік немесе хабарлама, туыстық жақындығын растайтын куәлігіңізді беріңіз.
- Міне, алыңыз.
- Мұрагерлік мүліктің құжаттарын беріңіз.

## 10-САБАҚ

Кешіріңіз, кіруге  
бола ма?

Кіріңіз. Аты-жөніңіз кім?

Ә

Аты-жөнім – Ибраева Айгүл.

Қандай сұрақпен келдіңіз?

Менің басқа мемлекеттің  
азаматтығынан бас тартқым келеді.

Қай мемлекеттің азаматтығынан бас  
тартқыңыз келеді?

Түркияның азаматтығынан.





## 3. Тиісті қосымшаны жалғаңыз.

-ға

-ге

толтыру \_\_\_\_\_

жасау \_\_\_\_\_

қол қою \_\_\_\_\_

сұрану \_\_\_\_\_

талап ету \_\_\_\_\_

алу \_\_\_\_\_

жауап беру \_\_\_\_\_

мәліметтер алу \_\_\_\_\_

сұрау \_\_\_\_\_

тексеру \_\_\_\_\_

бола ма?  
рұқсат па?



## 4. Берілген сөз орамдарының көмегімен сұқбаттасыңыз.

Шығуға бола ма?

Мәліметтерді алуға рұқсат па?

Сәлеметсіз бе! Кіруге рұқсат па?

Рұқсат. Отырыңыз. Қандай сұрақпен келдіңіз?

Мұрагерлік іс ашайын деп едім?

Басқа мемлекеттің азаматтығынан  
бас тартқым келеді.

Жеке куәлігіңізді беріңіз.



– *Кіруге бола ма?*

– *Кіруге болады.*

– *Кіруге рұқсат па?*

– *Кіруге рұқсат.*

– Өтініш қабылдауға бола ма?

– Тексеруге рұқсат па?

– Шығуға бола ма?

– Мәліметтер алуға рұқсат па?

– Қол қоюға бола ма?

– Толтыруға рұқсат па?

– Талап етуге бола ма?

– Алуға рұқсат па?



## 6. Тыңдаңыз, бос орындарды толықтырыңыз.

Қол \_\_\_\_\_ рұқсат па?

Ақпаратты \_\_\_\_\_ рұқсат па?

Сенімхатты \_\_\_\_\_ бола ма?

Өтініш \_\_\_\_\_ бола ма?

Ертең \_\_\_\_\_ бола ма?

Мәліметтерді \_\_\_\_\_ рұқсат па?

Сізден \_\_\_\_\_ бола ма?

Келісімін \_\_\_\_\_ бола ма?



## 7. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

-ға, -ге

1. Жауап беру \_\_\_\_\_ бола ма?

2. Куәлігіңізді алу \_\_\_\_\_ бола ма?

3. Сұрағымды қою \_\_\_\_\_ рұқсат па?

4. Ертең келу \_\_\_\_\_ бола ма?

5. Өтінішті толтыру \_\_\_\_\_ бола ма?

6. Жазылу \_\_\_\_\_ бола ма?

